

ERG



ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ ТӘРТІП КОДЕКСІ



Осы құжаттағы «Компания» немесе «**ERG**» Eurasian Resources Group s.à r.l. білдіреді және қолданылуына қарай барлық еншілес компанияларды қамтиды.

ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ ТӘРТІП КОДЕКСІ

ERG-дің іскерлік қағидаты қызметтің барлық түрлерін қолданыстағы заңнамаға, нормативтік актілерге және бизнес жүргізудің жоғары әдептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырудан тұрады. **ERG** әлемнің бірқатар елінде жұмыс жасайды және тиісінше, осы елдердің заңнама талаптарын орындайды. Осыған байланысты, **ERG** өзінің іскер серіктестерінен, субмердігерлерінен, агенттері мен жеткізушілерінен қолданыстағы заңнаманы сақтауды талап етеді.

ERG өз қызметін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бизнес және адам құқықтары саласындағы басшылық қағидаттарына (UNGPs), сондай-ақ Компанияның ішкі саясаттарына сәйкес жүргізеді.

Өз кезегінде **ERG** өзінің жеткізушілерінен (контрагенттерінен) адам құқықтарының сақталуын күтеді.

ERG өз серіктестерінің заңнаманы сақтауларын қадағалауға және өз іскер серіктестерінің тәртіп әдептілігі күдік туғызған жағдайда дереу шаралар қолдануға міндеттенеді. Жеткізушілер осы Кодекстің сақталуын қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік есеп жүргізуге және бізге сұратылған қажетті растаушы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Барлық жеткізушілер **ERG**-мен жұмыс жүргізе отырып, **ERG**-дің осы Жеткізушілердің тәртіп кодексін сақтауға (кезең-кезеңімен жаңартылып, жеткізушілердің назарына жеткізілетін), сондай-ақ өздерінің субмердігерлерімен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

1. ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ERG өз қызметкерлері, мердігерлері, жеткізушілері мен өзге үшінші тұлғалары үшін жұмыс ортасының қауіпсіз, сенімді және қолайлы болуын қамтамасыз етуге ұмтылады, сонымен қатар кәсіпорындары орналасқан өңірлердің қоршаған ортасы мен қоғамдастықтарына мүмкіндігінше кері әсерін тигізбеуге тырысады. **ERG** Компанияға қолданылатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтайды.

Жеткізушілер мыналарға міндетті:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиісті заңнаманы, сондай-ақ Компанияның саясаттары мен рәсімдерін сақтауға;
- өз жұмыскерлеріне **ERG**-дің тиісті саясаттары мен рәсімдерінің талаптарына немесе халықаралық стандарттарға жауап беретін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға;
- қызметкерлерді тиісті қорғаныс киімдерімен және құралдарымен, сондай-ақ өз міндеттерін орындауға қажетті дайындықпен қамтамасыз етуге;
- еңбек міндеттерін орындау кезінде зиянның нөлдік деңгейіне ұмтылуға;
- жұмыс орнында кез келген жұмысты орындау кезінде **ERG**-дің барлық рәсімдерін, ережелерін және/немесе стандарттарын сақтауға;
- қызметкерлердің қауіпті тапсырмаларды салдарсыз орындаудан бас тартуға болатындығын түсінетіндеріне көз жеткізуге;
- жұмыс орын-жайларының таза және қауіпсіз күйде болуына, қызметкерлердің басты талаптарына жауап беретініне және барлық қажетті стандарттарға сәйкес келуіне көз жеткізуге;

- қоршаған ортаны қорғауға, оның ішінде тауарлардың қауіпсіз айналымына, орын ауыстырылымына, сақталуына, қайта өңделуіне немесе қайта пайдаланылуына және кәдеге жаратуға қатысты тиісті жергілікті заңдарды, нормалар мен стандарттарды сақтауға;
- кез келген тауарлық-материалдық құндылықтарды тапсыру кезінде, олардың соның ішінде, басқалардан бөлек, жеткізушінің өнімдерінен табылған заттарды сәйкестендіруге және беруге, белгілі бір заттарды шектеуге немесе қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін таңбалауға қатысты барлық қолданыстағы заңдарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізуге;
- **ERG**-ге немесе оның клиенттеріне жеткізілетін тауарлардың құрамы мен заттарына қатысты заңдар мен ережелерді сақтауға мүмкіндік беретін сұратылған ақпаратты ұсынуға.

2. АДАЛДЫҚ

Біздің жеткізушілер өздерінің коммерциялық қызметтерін жүргізу барысында парақорлықтың және сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне сөзсіз төзбеушілікті, бәсекелестік туралы және монополияға қарсы заңнамада, экспорттық бақылауға қатысты халықаралық сауда туралы заңдарда қолданылатын заңдар мен ережелердің бұзушылықтарын қоса алғанда, әдеп пен адалдықтың жоғары стандарттарын, сондай-ақ белгілі бір елдермен немесе тұлғалармен қатынастарды шектейтін ұйғарылған экономикалық және/немесе қаржылық санкцияларды/сауда эмбарголарын және/немесе санкцияларға қатысты кез келген заңдар мен ережелерді, шектеу шараларын немесе басқа да ұқсас құралдарын сақтауға тиіс.

Жеткізушілер мыналарға міндетті:

- барлық қолданыстағы заңдарды, соның ішінде экспорттық-импорттық талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын, монополияға қарсы заңнаманы және адал бәсекелестік туралы заңдарды, сондай-ақ адам құқықтары мен еңбек құқығы саласындағы нормаларды сақтауға;
- **ERG**-дің парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясаты, агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету саясаты, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және демеушілік саласындағы жобалары бойынша саясаты, мүдделер қақтығысын болдырмау саясаты және алаяқтыққа қарсы күрес саясаты жөнінде хабардар болуға және соған сәйкес әрекет етуге;
- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа, соның ішінде параның немесе басқа да тыйым салынған төлемдердің кез келген ұсынысына, төлеміне, бопсалаушылығына немесе алуына немесе қандай да бір тұлғаның пайдасына немесе оның атынан жасалатын әрекеттеріне нөлдік төзімділік танытуға;
- **ERG** мен **ERG** қызметкерлерінің арасындағы кез келген белгілі немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға;
- егер, іскерлік операция санкциялар туралы қолданыстағы заңдар мен қағидаларды бұзатын болса, жеке немесе заңды тұлғалардың атынан/пайдасына шарттар жасаспауға, тауарлар бермеуге немесе төлемдер жүргізбеуге;
- тұлғаның немесе компанияның қандай да бір қолданыстағы санкцияларға ұшырамағанына немесе шектеу қойылатын тұлғалар/ұйымдар тізіміне енгізілмегеніне көз жеткізу үшін, кез келген болжалды субмердігердің немесе контрагенттің тиісті түрде тексерілуін қамтамасыз етуге;
- өнімдердің шығарылған жерін немесе түпкі тұтынушысын жасырмауға;
- қолданыстағы құқықтық және нормативтік талаптарға және бухгалтерлік есептің қабылданған тәжірибесіне сәйкес шот ұсыну тәртібін қоса алғанда, бухгалтерлік кітаптар мен іскерлік құжаттаманы дәлме-дәл жүргізуге;
- импорттық және экспорттық операциялар есептілігінің нақтылығы мен толықтығын, соның ішінде, атап айтқанда сату, рұқсат беру, тасымалдау және төлемдер есептілігін қамтамасыз етуге;
- **ERG**-мен келісімшарт жасасқанға дейін және шарттық міндеттемелерді жүзеге асыру кезеңінің кез келген уақытында, Жеткізушінің пара бергені немесе алғаны, сыбайлас жемқорлықтың, ақшаны жылыстатудың қандай да бір түрімен айналысқаны, жоғарыда аталған қызметтердің кез келгеніне қатысы бар болғаны туралы пайымдаулардан туындайтын кез келген ағымдағы сот процестері, кез келген мемлекеттік органның тергеп-тексерулері немесе атқару өндірістері туралы хабарлауға;
- бұзушылықтар туралы хабарлау үшін «Қауырт желісін» немесе бұзушылықтар туралы ішкі ақпараттандырудың басқа тетігін орнатуға немесе **ERG** «Қауырт желісінің» деректерін пайдалануға.

3. ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ӘДІЛ ТӘЖІРИБЕСІ

ERG қызметкерлермен әділ және риясыз қарым-қатынас жасауға және өзі жұмыс істейтін барлық елдің қолданыстағы еңбек заңнамасын сақтауға ұмтылады.

Мұндай тәжірибе бірлестіктерге қатысу/құру еркіндігін, жеке өмірге қол сұқпауды, ұжымдық келіссөздерге қатысу құқығын мойындауды, мәжбүрлі, міндетті және балалар еңбегіне тыйым салуды, сондай-ақ кез келген заңсыз еңбек қызметіне, кемсітушілікке және қысымшылыққа тыйым салуды қозғайтын заңдардың сақталуын қамтиды.

Жеткізушілер мыналарға міндетті:

- қолданыстағы еңбек заңнамасын сақтауға;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс кестесін бекітуге, қызметкерлердің еңбекақысын төлеуге;
- нәсіліне, түсіне, дініне, ұлттық шығу тегіне, жынысына, сексуалды бағдарлығына, жасына, мүгедектігіне, ардагер мәртебесіне немесе басқа да шарттарға қарамастан, жетістіктері мен біліктілігі негізінде жалдауға, оқытуға, қызметте алға жылжуға, тәртіпке, бағалауға, сыйақыларға, жұмыстан босатуға және басқа да еңбек аспектілеріне (мысалы, қызметтік орынжайларға, мансаптық мүмкіндіктерге, жұмылғыштыққа) қатысты шешімдердің қабылдауын қамтамасыз етуге;
- еңбекшілердің қуғын-сүргіннен, қорқытулардан немесе құдалаулардан қорықпай, өздері қалаған ұйымды құруға және оларға кіру құқығын мойындауға және құрметтеуге, сондай-ақ ұжымдық келіссөздерге қатысуға;
- өз қызметкерлеріне, клиенттеріне, жеткізушілеріне және үшінші тұлғаларына құрметпен қарауға;
- қызметкерлердің жүріп-тұру еркіндігін шектеуді, жалақыны немесе жеке басын куәландыру құжаттарын ұстап қалуды, тәни немесе сексуалды зорлық-зомбылықты, қауіп-қатерлер мен қорқытуларды немесе қызметкерлер құтыла алмайтын алаяқтық берешекті білдіретін мәжбүрлі еңбек пен еңбек міндеттілігін, соның ішінде бағынышты, әскери немесе құлдық еңбекті пайдаланбауға;
- балалар еңбегін пайдаланбауға және қызметкерлер мен жаңа ізденушілердің жасын тексеру тетіктерінің болуын қамтамасыз етуге;
- жұмысқа орналасу немесе оны сақтау мақсатында қызметкерлерден депозитке ақша қаражатын салуды, жол жүру құжаттарын, жеке басын куәландыратын құжаттарды немесе жеке ұқсас құжаттарды талап етпеуге;
- қызметкерлерге адал жасаған хабарламалар үшін жазалау шаралары түріндегі салдарсыз кез келген құдалау немесе кемсітушілік мінез-құлықтар туралы хабарлау тетігін ұсынуға.

4. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Адам құқықтарын сақтау **ERG** мен кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі қоғамдастықтардың орнықты дамуы үшін негіз қалайтын мәнге ие.

Біздің адам құқықтарын сақтауға деген пейілділігіміз біздің қызметімізге қатысы бар – қызметкерлердің, мердігерлердің және қоғамдастықтардың - адал және құрметті қарым-қатынасқа лайықты болуында. Бұған БҰҰ-ның Бизнес және адам құқықтары саласындағы басшылық қағидаттары (UNGPs) мен Пайдалы қазбалар жеткізілімінің жауапты тізбегін тиісті тексеру бойынша нұсқаулығын (OECD Guidelines) біздің қолдауымыз дәлел. Жоғарыда айтылғанды орындау үшін **ERG**-де адам құқықтары саласындағы саясат пен қосалқы рәсімдер қабылданды.

Жеткізушілер адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге ұмтылуда мыналарға міндетті:

- БҰҰ-ның Бизнес және адам құқықтары мәселелері жөніндегі басшылық қағидатын (UNGPs) және ЭЫДҰ-ның Пайдалы қазбалар жеткізілімінің жауапты тізбегін тиісті тексеру бойынша нұсқаулығын (OECD Guidelines) сақтауға;
- **ERG**-дің адам құқықтары саясатын сақтауға;
- жоғарыда сипатталғандай, жұмысқа орналастырудың әділ тәжірибесін сақтауға (оның ішінде балалар еңбегіне және мәжбүрлі еңбекке қатысты);
- БҰҰ-ның қағидаттарына сәйкес (UNGPs) өздері және **ERG** жұмыс жүргізетін қоғамдастықтарға құрметпен қарауға;

- қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін ұсынатын жеткізушілерге қатысты барлық қауіпсіздік қызметтерінің Қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидаттарына (Voluntary Principles on Security and Human Rights) сәйкес келуіне көз жеткізуге;
- нәсіліне, жынысына, түсіне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, ұстанатын дініне, жасына, мүгедектігіне, сексуалды бағдарлығына және саяси пікірлеріне байланысты зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, қысымшылдықтың немесе кемсітушіліктің кез келген түрінен ада жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге бар күшін салуға;
- ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлауға болатын шағымдарды қарау рәсімдерін орнатуға немесе **ERG** «Қауырт желісін» қолдануға;
- адам құқықтарын сақтауға кепілдік беру үшін тәуекелі жоғары және басқарылуы төмен елдердің немесе өңірлердің немесе қақтығыстарды бастан кешіріп жатқан немесе қақтығыстардан кейін қалпына келіп жатқан елдердің немесе өңірлердің нақты жұмыс тәуекелдерінен хабардар болуға.

ERG-дің жеткізушілерінен UNGPs-ке немесе салыстырмалы стандартқа сәйкес адам құқықтарының сақталуына тұрақты тиісті тексеру жүргізуді және осылайша, әсер ету салмағының дәрежесіне сүйене отырып, іс-әрекеттерге басымдық берумен адам құқықтары саласындағы тәуекелдер мен проблемаларды анықтауды сұрайды.

Егер жеткізушіге **ERG**-мен тікелей немесе жанама түрде байланысты адам құқықтарын бұзу қаупі туралы мәлім болса, онда ол бұл туралы Компанияның өкіліне дереу хабарлауы тиіс. Егер жеткізуші адам құқықтарының қандай да бір бұзушылықтары туралы білсе, онда ол бұл туралы **ERG** қауырт желісінің төменде көрсетілген байланыстары арқылы дереу хабарлауға тиіс. **ERG** жеткізушінің көмегін қажет етуі мүмкін кез келген сенімді шағымға тексеріс жүргізеді.

5. КЕН ЖӘНЕ МИНЕРАЛДАН АЛЫНҒАН ӨНІМДЕР ЖЕТКІЗІЛІМІ

ERG кенді және минералды өнімдерді сатып алушылардың барлығы олардың шығу тегін білу керек, сондай-ақ олардың жауапты өндірілуіне ұмтылу керек деп санайды. Осыған сүйене отырып, **ERG** өзінің жеткізілім тізбегіне кіретін кез келген кенге немесе минералды өнімге тексеру жүргізеді.

Атап айтқанда, Конго Демократиялық Республикасынан (ҚДР) шығарылатын «даулы минералдар» кейде зорлық-зомбылықтың экстремалды деңгейімен сипатталатын қақтығыстарды қаржыландыру үшін қарулы топтардың бақылауында өндіріліп, сатылады. Бұдан бөлек, ҚДР-дағы қол өндірісі пайдалы қазбалар (әсіресе, кобальт) құнын құру тізбегіндегі басты проблема болып табылады. **ERG** жергілікті экожүйелердегі қолмен өндірудің маңызды рөлін мойындайды, алайда балалар еңбегі, қоршаған ортаға залал және пайдалы қазбалар өндірудің қауіпсіз тәсілдері секілді мәселелерін елеп-ескермеуге болмайтынын нық біледі.

Қазіргі таңда, **ERG**-мен қайта өндірілетін және сатылымға шығарылатын барлық кен және минералды өнімдер **ERG**-дің күшімен өндіріледі және оның саясатына, рәсімдеріне, сондай-ақ басқару және бақылау жүйелеріне бағынады.

ERG басқа кенді немесе минералды өнімді сатып алатын немесе қайта өңдейтін жағдайда, біздің мақсат – ҚДР-дағы немесе онымен іргелес елдердегі қарулы топтарды тікелей немесе жанама қаржыландыратын немесе оларға пайда әкелетін немесе балалар еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдаланатын өндірушілерден алынған өнімдермен жұмыс жасамау.

ERG біздің жеткізушілерден бізге жеткізілетін кеннің және минералды өнімдердің қақтығыстармен байланысының болмауына және оларды өңдеу кезінде балалар еңбегінің пайдаланбағанына қисынды кепілдік беретін саясат пен тиісті сақтық шараларын әзірлейді деп күтеді.

Кенді және минералды өнімдерді жеткізушілер осы Саясатты қолдауда мыналарға міндеттенеді:

- қақтығыстардан еркін өңірлерден және тәуекелі жоғары өңірлерден Пайдалы қазбалар жеткізілімінің жауапты тізбегін тиісті тексеру нұсқаулығын (OECD Guidelines), БҰҰ-ның Бизнес және адам құқықтары саласындағы басшылық қағидаттарын (UNGPs), **ERG**-дің адам құқықтары саласындағы саясаты мен **ERG**-дің алған міндеттемелеріне пейілділігі туралы мәлімдемесін сақтауға;
- жоғарыда айтылғандарға сәйкес мұқият құқықтық тексеруді жүргізуге және сауал бойынша **ERG**-ге нәтижелерді ұсынуға;
- **ERG**-дің кенді және минералды өнімдерді жеткізуге қатысты стандартты шарттық талаптарымен келісуге.

Жеткізушілер **ERG**-мен кенді және минералды өнімдерді жеткізуге қатысты тексерулер туралы ақпарат беру, соның ішінде, басқалардан бөлек басқарудың ішкі жүйелері туралы ақпарат беру сауалдары бойынша (сонымен бірге басқару, оқыту, есеп беру, құжаттар бақылау саласындағы құзыреті туралы), сондай-ақ бақылау және айқындау жүйесі (материалдарды ішкі бақылау жүйесі; «Өз жеткізушіңді біл» тексерулері және шығарылған жерін анықтау) бойынша ынтымақтасатын болады.

6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

Жеткізушілер мыналарға міндетті:

- **ERG**-мен қол жеткізілген құпиялылық туралы барлық келісімдерді сақтауға, **ERG**-ге тиесілі қандай да бір ақпаратты (жария немесе үшінші тұлғаларға) ашпауға және мұндай ақпаратты жергілікті заңнамаға сәйкес қорғауға;
- құпия ақпараттың тиіссіз түрде пайдаланбауына немесе оның ашылмауына қисынды кепілдік беретін рәсімдерді сақтауға;
- дербес деректерді қорғау туралы барлық қолданылатын заңдар мен ережелерді сақтауға және **ERG**-дің деректеріне қатысы бар немесе **ERG**-ге өзге түрде әсер ететін кез келген бұзушылықтар туралы хабарлауға;
- Жеткізушімен берілетін, бақыланатын, сақталатын немесе өңделетін дербес деректерді кездейсоқ немесе заңсыз жоюға, жоғалтуға, өзгертуге, рұқсатсыз жариялауға немесе қол жеткізуге әкелетін қауіпсіздіктің кез келген бұзушылығының теріс салдарын жою және азайту үшін бар күш-жігерді жұмсауға;
- зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзбауға.

7. ЕСЕПТІЛІК

ERG өзінің қызметкерлеріне, жеткізушілеріне және сыртқы мүдделі тараптарына – «Қауырт желі» бұзушылықтар туралы хабарлау тетігін, сондай-ақ шағым жасауға арналған басқа да қол жетімді арналарды ұсынады:

- <https://erg.integrityline.org>
- (<https://erg.integrityline.org>)

ERG «Қауырт желісі» 100%-ға құпия және тәуелсіз компания оған аптасына жеті күн, тәулігіне 24 сағат бойы қызмет көрсетеді.

8. ТАЛАПТАРДЫҢ САҚТАЛМАУЫ

Осы Жеткізушілердің тәртіп кодексін сақтамайтын және мұндай бұзушылықтарды жоя алмайтын Жеткізушілермен ағымдағы келісімшарттар мен болашақ қарым-қатынастар, **ERG**-дің қалауына қарай құқықтық қорғау шараларын қолдана отырып, **ERG** мен мұндай жеткізушілердің арасында жасалған келісімшарттар бұзылғанға дейін Компаниямен қайта қаралады. бұзылуына дейін Компаниямен қайта қаралады.

